

"Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17/225-IV шешімге өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 08 маусымдағы N 30/363-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 12 шілдеде N 2550 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) кодексінің 487-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 38-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» 2009 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а., Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5675 болып енгізілген, бұйрығына сәйкес , Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 17 /225-IV Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2523, 2010 жылғы 1 ақпандағы № 16 «Дидар», 2010 жылғы 2 ақпандағы № 16 «Рудный Алтай» газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін: аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Шмурыгин

мәслихатының хатшысы

Шығыс Қазақстан облыстық

В. Ахаев

**Шығыс
облыстық**

**Қазақстан
мәслихатының**

Шығыс Қазақстан облысының жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкалары, * теңге
1	2	3	4
Ертіс өзені бассейні			
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	68,1
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге/1000 тек.м	195,7
3	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	55,1
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	55,1
5	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	138,4
6	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт. сағ	20,5
7	Су көлігі	теңге /1000 т.км	7,6
Балқаш және Алакөл өзен мен көлдері бассейні			
8	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	62,7
9	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса	теңге/1000 тек.м	173
10	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	49,7
11	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	47,6
12	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	123,2
13	Су энергетикасы	теңге/1000 кВт.сағ	18,4
14	Су көлігі	теңге/1000 т.км	5,4

* Ескерту: төлемақы ставкалары Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жыл сайын жариялайтын, сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.